

ҚАЗАҚ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

80 жыл!

УНИВЕРСИТЕТІ

№ 26 (1536)
2 қыркүйек
2014 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

Ғалым МҰТАНОВ,
ҚазҰУ ректоры:

БІРІКСЕК АЛЫНБАЙТЫН ҚАМАЛ ЖОҚ!

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР МЕН СТУДЕНТТЕР!
Баршаңызды жаңа оқу жылының басталуымен және
жуырда өткен Конституция күнімен шын жүректен
құттықтаймын!

Терең тарихы мен бай дәстүрі сабақтасқан қара
шаңырақ 80-оқу жылын жаңа жетістіктермен қарсы
алып отыр. Университеттегі әрбір факультет, кафедра
мен құрылымдарда еңбек ететін оқытушылар мен
қызметкерлердің адал еңбегінің арқасында ҚазҰУ биік
белестерді бағындыруда.

Өткен оқу жылы ҚазҰУ жеткен жетістіктер әлемдік
білім кеңістігіндегі танымалдылығымызға жол ашып,
мерейімізді асырды. Білімі, білігі мен бірлігі жарасқан
ҚазҰУ ұжымы 80 жылдық мерейтойды да үлкен
абыроймен атап өтуде.

ҚазҰУ биыл білім беру сапасы бойынша Қазақстан
жоғары оқу орындары арасында ұлттық рейтингте
көш бастады. Сондай-ақ әлемдік рейтингте тағы да
өзін таныта білді. Университет белгілі «Great Value
Colleges» халықаралық ұйымы зерттеуінің нәтижесі
бойынша әлемнің технологиялық тұрғыда дамыған 50
университетінің қатарына кірді. Өзге де ғылым мен
инновация саласындағы әріптестік байланыстарымыз
артуда. ҚазҰУ жеңісі – барша ұжым жетістігі. Оның
ішінде патриотты жастарымыздың қосқан үлесі сүбелі.

Осынау ұжымдық рухы жоғары қазулықтар мен
студенттерге ерен еңбектері үшін алғыс білдіремін.
Баршаның жаңа оқу жылында зор жетістіктер,
шығармашылық табыс, отбасыларыңызға амандық-
саулық тілеймін! ҚазҰУ табалдырығын алғаш аттаған
студенттерге сәттілік жолдас болсын! Білім алудан
жалықпаныңдар, талмай ізденіңіздер! Бірегей білім
ордасымен бірге тек өрлей беріңіздер!

**Білім беру сапасын қамтамасыз етудің тәуелсіз
Қазақстан агенттігі (БСҚА) Қазақстан жоғары оқу
орындарының жалпы рейтингісін жариялады.**

ҚАЗҰУ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОО АРАСЫНДА КӨШБАСШЫ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2014 жылы ұлттық
рейтингке қатысқан еліміздің 65 ЖОО-сы арасынан
осы рейтингке қатысуға өз материалдарын ұсынған
52-сінен өза шығып, ұлттық рейтингте көшбасшы
атанды.

Осы арқылы біздің университет өзінің жоғары
мәртебесін тағы бір рет дәлелдеп, қазақстандық
жоғары мектепте көшбасшы екенін растады.

Әлемдік рейтингтегі кезекті ҚазҰУ жетістігі



Тосқап БАТАБЕРУШЫНЫҢ ФОТОСЫ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ технологиялық
тұрғыда дамыған әлемнің 50 университеті
рейтингісінде 31 орынды иеленді.**

Белгілі «Great Value Colleges» халықаралық ұйымы
зерттеуінің нәтижесі бойынша, әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ 31 орынды иеленіп, технологиялық тұрғыда
дамыған әлемнің 50 университеті құрамына енді.
Рейтингте қазақстандық ЖОО ТМД ғана емес, Шығыс
және Орталық Еуропа қатысушы-елдерінің жалғыз өкілі
болғанын, сондай-ақ Сингапур және Жапониямен қатар
барлық Азия континентін таныстырғанын атап өту керек.

«Great Value Colleges» әлем университеттерінің
рейтингісін жасауда оқу және ғылыми-зерттеу қызметінің
түрлі бағыттары бойынша көп қырлы тәсілдерді
қолданады. Осылайша олар сапалы білім мен ғылыми
мүмкіндіктерді жүзеге асыру үшін үздік ЖОО тандау
ісінде адамдарға көмектесуде.

Сонымен қатар ЖОО-ның технологиялар немесе
инновациялар, мамандандырылған зертханалар
немесе зерттеу орталықтары, студенттердің зерттеу
мүмкіндіктерін жүзеге асыратын ғылыми-зерттеу
бөлімшелері, ғылыми-техникалық құрам қызметінің
басымдылығы үшін алған ұлттық, аймақтық және
халықаралық марапаттары есепке алынады.

Университеттерге баға үшінші бейтарап жақтан беріледі
және ол сенімді ақпарат көздерінен алынған жалпыға
ортақ мәліметке негізделген.

ҚазҰУ-дың ең жоғары технологиялық тұрғыда дамыған
әлемнің 50 университеті қатарына қосылуы ЖОО-ның
әлемдік деңгейдегі зерттеу университетіне айналуға
ұстанған бағытының дұрыстығын тағы да дәлелдеді.

Бүгінде ҚазҰУ – 8 ғылыми-зерттеу институты, 30-дан
астам ғылыми-техникалық және гуманитарлық бағыттағы
орталықтар мен зертханаларды біріктірген еліміздің
аса ірі ғылыми және білім беру орталығы. Мемлекет
тарапынан қаржыландырылатын ғылыми зерттеулердің
ең көбі ҚазҰУ қабырғасында іске асады, ол қаржының
10%-ы жас ғалымдарды қолдауға бағытталған. Соңғы
үш жылда университетте атқарылған ғылыми-зерттеу
және тәжірибелік-құрастырымдық талдама көлемі үш

Great Value Colleges

есеге жуық өсті. ҚазҰУ ғалымдарының зерттемелері
өндіріске енгізілуде, ал ғылыми жұмыстар «Scopus» және
«Thomson Reuters» мәліметтер базасына енетін жоғары
рейтингті басылымдарда үнемі жарияланып келеді.
ҚазҰУ – Халықаралық «Thomson Reuters» агенттігінің
«Ғылым саласындағы айтулы жетістіктері үшін» арнайы
дипломымен марапатталған Қазақстанның алғашқы
және жалғыз оқу орны.

ҚазҰУ-да «Hewlett-Packard», «Cisco», «In-
tel», «Konica minolta», «Microsoft» сынды атақты
әлемдік компаниялардың оқу-ғылыми орталықтар
мен зертханалар ашуы университеттің ғылыми-
технологиялық мүмкіндіктерін халықаралық деңгейде
мойындаудың дәлелі болып табылады. АҚШ,
Ұлыбритания, Қытай, Германия, Финляндия және басқа
елдердің ғалымдарымен бірге ИНТАС, МАГАТЭ, ЕС,
НАТО, Әлемдік банк, ЮНЕСКО қаржыландыратын 56
ірі халықаралық ғылыми жоба жасалуда.

ҚазҰУ әлемнің жетекші университеттерімен бірге
қосдипломдық білім беру бағдарламасын қарқынды
жүргізуде. Жыл сайын мыннан астам шетелдік студенттер
мен оқытушылар білім алу және ғылыми тағылымдамадан
өту үшін ҚазҰУ-ды тандайды. Осыған орай жаңа оқу
жылында АҚШ-тың 24 студенті білім алу үшін осы оқу
орнын тандады.

Өткен жылы ЖОО дамуының сапалы көрсеткіштерін
бағалау саласының майталманы – QS (Ұлыбритания)
рейтингтік агенттігінің қорытындысы бойынша,
ҚазҰУ әлемнің ең үздік 300 университеті қатарына
еніп, 299-орынды иеленді. Сондай-ақ, жоғары сатылы
Еуроодақ сарапшыларының бағалауы бойынша ҚазҰУ
ғылыми-технологиялық және инновациялық әлеуеті
жағынан Қазақстан ЖОО-лары арасында талассыз
көшбасшысы болып табылады.

Баспасөз қызметі

БҮГІНГІ САНДА:

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС
"КЕРЕМЕТТЕ"
ӨТТІ

2-бет



БҮГІНГІ САНДА:

ЖАЙСАҢ
ЖУРНАЛИСТЕР
КҮТЕМІН!

5-бет



БҮГІНГІ САНДА:

"МЕН ӨЗ
ЕЛІМНІҢ
ПАТРИОТЫМЫН!"

7-бет



ЭЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ МЕН БҒМ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ ҒЗИ АРАСЫНДА БАС КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

2014 жылдың 23 шілдесінде эл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің ғылыми-зерттеу институттары арасында бас келісімге қол қою рәсімі салтанатты түрде өтті.

Мұндай жоба эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға және 10 шақты ҚР БҒМ Ғылым комитетінің академиялық институттарына тәжірибе түрінде 2014 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 100 магистрант және 50 PhD докторын даярлауға бірлесе мүмкіндік береді.

Осы орайда Алматы қаласындағы «Ғылым ордасында» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі А.Б. Сәріпжиповтің төрағалығымен ғылымның дамуына арналған кеңейтілген мәжіліс өтті. Жиынға ҰҒА академиктері, ЖОО ректорлары, ҒЗИ жетекшілері қатысты. Ғылыми ортада қазақстандық ғылым жағдайына қатысты маңызды мәселелер мен оның даму келешегі қарастырылды. «Біз осы бағытта 100 магистрлік, 50 PhD докторлық гранттарды бөліп отырмыз. Аталған жобаның ерекшелігі оқытушы ретінде бірқатар ғылыми ұйымдардың ғалымдары дәріс береді, оқу бағдарламаларын ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары дайындайтын болады. Осылайша, біз оқу бағдарламалары арасында бәсекелестік тудыра аламыз. Қалыптасқан ғалымдар өз білімдерін келер ұрпаққа қалдырып кетуі керек. Жақсы нәтижеге қол жеткізілген жағдайда бұл жоба өзге де оқу орындарында қолданылатын болады», - деді ҚР Білім және ғылым министрі Аслан

Сәріпжипов.

Осы күнге дейін маман даярлауда тәжірибелік тұрғыдан жаңа ұсыныстармен жабдықтау орнына ғылыми секторлар – ЖОО, академиялық, салалық болып бір-бірінен, ал соңғы екеуі білім беру жүйесінен де жекеленген болатын. Еліміздің жетекші университеті және академиялық ҒЗИ әлеуметтік-гуманитарлы, механика-математикалық және ақпараттық бағытындағы ресурстарының бірлесуі шынайы білім мен ғылымның бірігу әрекетіне синергиялық әсер береді.

ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов: «Бүгін эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Білім және ғылым министрлігінің ғылыми-зерттеу институттарымен келісімге қол қойды. Білім мен ғылымды қалыптастыру, интеграциялау және нақты қадам осы қол қойудан басталады. Осы уақытқа дейін әр зерттеу институты өз бағытында жұмыс жасап келген болса, енді осы күннен бастап біз барлық потенциалымызды, күшімізді біріктіріп болашақта сапалы, жоғары деңгейдегі магистр, докторларды дайындауға кірісеміз. Бұл келешекте өз жемісін беретініне сенімдімін. Өйткені, бұл барлық озық елдерде жақсы қалыптасқан. Қазақстанда осындай жақсы бастаманы қолға алып, білім мен ғылымды ұштастырып жатыр», - деді өз



сөзінде.

Ауқымды жобаны сәтті іске асыруда барлық алғы-шарттар бар. Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұлттық рейтингте көшбасшы болып, елде бірінші болып жоғары әлемдік стандарттарға сай және әлемнің жоғары оқу орындары бағдарламаларымен салыстыруға келетін инновациялық білім беру бағдарламаларын ендірді. Кластерлік тәсілмен факультет және кафедраларды жанап, нәтижеге негізделген ҚазҰУ өз көрсеткіштері бойынша QS рейтинг агенттігінің зерттеуі бойынша әлемнің 300 жетекші ЖОО қатарына кіріп, орта есеппенгі топ-университеттерге жақындады. Сонымен қатар, Қазақстандағы ЖОО арасында беделді халықаралық Thomson Reuters рейтинг агенттігінің «Ғылым саласындағы

жетістігі үшін» арнайы дипломының иегері. Университет республика көлемінде өзге ЖОО-да теңдесі жоқ бірегей кампус пен ғылыми-инновациялық инфрақұрылымға ие.

Өз кезегінде, оқытушы ретінде ҒЗИ атакты ғалымдарын шақырту, олармен бірлесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жасау ғылыми маман даярлау деңгейін арттыруға септігін тигізеді.

Академиялық және ЖОО ғылымының бірігуінің маңыздылығы тек ғылыми әлеуетті көтеруге емес, сондай-ақ жаңа ғылыми жасалған дүниелерді өндіріске енгізу болып табылады.

Баспасөз қызметі

■ РЕКТОРАТ

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС «КЕРЕМЕТТЕ» ӨТТІ



«2014 жылы наурыз айында ҚазҰУ ректоры бекіткен Ғылыми кеңес шешімімен «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығының негізі қаланды. Студенттерге қызмет көрсету орталығы 3 қабатта бірдей орналасып, 7300 шаршы метр аумақты алып жатыр. Орталық студенттердің оқу және тәрбиелік үдеріс бойынша кеңес алуына жағдай жасай отырып, олардың кампус аумағында өткен уақытының барынша қолайлы болуын қамтамасыз етуді басты мақсат етеді», - дейді орталық директоры. «Кереметте» студенттерге 5 бөлім қызмет көрсетеді. Оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша қызметтер А секторына жүктелген. Атап өтсек, тіркеу кеңсесі, студенттер кеңсесі, төлқұжат үстелі, бухгалтерлік есеп-қисапты басқару бөлімі, халықаралық бөлім, Электронды үкімет сұрақтары бойынша кеңес беру. В секторы әкімшілік қызметтерді атқарады. Бұл бөлімде заң, нотариус, әуе және темір жол кассасы, туристік фирмасы, мансап және бизнес орталығы, банк орналасқан. С секторында ойын-сауық қызметтері: кинотеатр, кафе, кір жуатын орын, сұлулық салоны, фото салон, кітап дүкені супермаркет, оптика, дәріхана, көшірме орталығы, аяқ-киім жөндеу, киім тігу, тағы басқа қамтылған. D секторында жастар орталығы қызмет көрсетеді, олар: «Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері», «Сұңқар» студенттер кәсіподағы, Студенттер

сенаты, Жатақханадағы жоғары студенттер кеңесі, студенттік ғылыми қоғам, Болон үдерісі бойынша студенттер бюросы, «Көмек» волонтерлік қозғалысы, факультеттердегі студенттік декандар, 3 литаның (қазақ, орыс, ағылшын) пікірталас клубы және әр түрлі клубтар. Аса маңызды сектордың бірі Н секторы – Диагностикалық орталық қызметі. Онда функциональды, клиникалық, зертханалық, сәуелік, гинекологиялық және антропометриялық зерттеулер жүзеге асырылады.

Сайран Мұхтарханқызы сонымен қатар «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы арқылы университет атқаратын қызмет стандарттарына кеңінен тоқталып өтті. Кеңес барысында ректор Ғалым Мұтанұлы орталық жұмысына жоғары баға беріп, сәттілік тіледі. Барша ұжымды орталықтың сапалы қызмет көрсетуі үшін ат салысуға шақырды. Сондай-ақ университет басшысы №15 жаңа жатақхананың пайдалануға берілгенін айтты.

Жиыннан соң ректор журналистика факультетінің студенттері жайғасқан жаңа жатақхананы аралап, өз пікірін білдірді. Ол жаңа орынды көгалдандыру, көріктендіру жұмыстарын қолға алуды тапсырды. Кездесу барысында жатақхана артына спорттық аланқай салу келісілді.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

Тәлімгер игілі үшін жүзеге асырылған студенттерге қызмет көрсету орталығы 2014-2015 оқу жылының шымылдығын ашты. Білім күнімен тұспа-тұс келген Ғылыми кеңес және ректорат отырысы жаңа ғимаратта өтті. Ректор Ғалым Мұтанұлы жиналған қауымды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, бірқатар жағымды жаңалықтармен бөлісті. Сәулеті алыстан көз тартарлық орталықта бәрі де бір жерге тоғысқан. Орталықтың қызметі мен қызмет көрсету стандарттары жайлы директоры Сайран Баяндинова кеңінен баяндап берді.

Эрнест КАЛИЕВ,
директор диагностического центра



– Реализация проекта по созданию диагностического центра состоит из трех основных этапов, где уже последовательно осуществляются следующие мероприятия: разработана программа скрининга обучающихся и преподавателей; приобретено и монтируется медицинское оборудование; создана управляющая компания по реализации скрининговых программ; подготовлены специалисты, для проведения консультаций планируется приезд офтальмолога и оториноларинголога. Также достигнута договоренность с корейской стороной о привлечении инвестиций в размере 5 млн. долларов США для реализации II этапа проекта.

И на завершающем этапе основными задачами диагностического центра станут – интегрирование в структуру Медико-биологического кластера КазНУ, оказание всего спектра медицинских услуг в соответствии с мировыми стандартами, подготовка специалистов по различным специализациям на базе кластера с учетом потребности клиники.

Жаңа оқу жылы басталғалы қасиетті қара шаңыраққа жаңа толқын келіп қосылды. Биыл да ҚазҰУ-ды таңдаған талапкердің қарасы көп. Білімнің биік шыңына қол созған жастарға қарап, еліміздің ертеңін бағамдай беруге болады.

АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРДА...

Осы оқу жылы да ҚазҰУ таланткер тандауының көшбасшылығына шықты. Айталық, осы оқу жылында ҚазҰУ-дың мамандықтарын белгілеп, мемлекеттік білім беру грантына ие болған талапкерлердің саны 2748-ді құрап отыр. Оның ішінде «Алтын белгі» төс белгісі игерлерінің саны 349, халықаралық, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар жүлдегерлерінің саны 163 болса, 100-ден астам студент алыс-жақын шет елдерден түскен талапкерлер. Ал, 1000-нан астам студент келісім шарт арқылы ақылы бөлім негізіне құжат тапсырған. Биылғы оқу жылында бакалавриатқа түскен студенттер саны 3700-ден астам студентті құрады.

ҚазҰУ-ға ақылы бөлімге қабылданған студенттерге ұсынылып отырған жеңілдіктер де баршылық. Келісімшартта көрсетілген сомалар шегерілетін жеңілдіктің ерекше аттестатқа ие мектеп бітірушілер үшін 15%, Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжін үздік дипломымен тамамдаған бітірушілер үшін 10%, ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің түлектеріне 10%, ауылдық мектептерді «жақсы» және «өте жақсы» деген бағаммен тамамдаған бітірушілер үшін 10% жеңілдік көлемі көрсетілген. Сондай-ақ, білім алуын жалғастырушы студенттер (бакалаврлар) үшін, оқуда озат студенттер үшін, магистратураға түсушілер үшін, білім алуын жалғастырушы магистранттар үшін, университетте жұмыс істейтін магистранттар үшін, колледжде оқуын жалғастырушылар үшін және ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің халықаралық білім беру департаментіне түсуші тыңдаушы-шетелдіктер үшін ұсынылатын жеңілдіктер қарастырылған.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ҚазҰУ мен Енсв университетінің (Оңтүстік Корея) «Канганм Северанс» клиникасы бірлесе отырып, жаңа оқу жылынан бастап жұмыс жасайтын диагностикалық орталықтың маңызды құрамдас бөлігі – «U-Health» телемедицина жүйесін онлайн сынақтан өткізді

Конституция – мемлекеттігіміздің өркендеуінің құқықтық өзегі, тірегі

Қазақстан егемендік алған уақыттан бергі аралықта – 24 жыл ішінде мемлекетімізде екі Конституция қабылданды. Осыдан тура 19 жыл бұрын 1995 жылдың 30 тамызында Қазақстан Республикасы демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құруға бел байлап, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді, халқымыз үшін лайықты өмірді қамтамасыз етуді қалай отырып, мемлекеттігіміздің өркендеуінің өзегі, тірегі болған тәуелсіздік – бүгінгі әрекет етуші Конституцияны қабылдады. Егемен Қазақстанның бұл Конституциясы жас тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа саяси, экономикалық-әлеуметтік, құқықтық бағытта дамуының іргесін қалауда маңызды орын алады. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының бұл Конституциясы тәуелсіз егемен мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашқан маңызды құжат болып табылады. Бұл Конституцияның қабылданылуы Қазақстанның конституциялық құрылысының құқықтық негізін қалады, мемлекеттік тәртіптің, сондай-ақ қоғамдық, саяси институттардың қызметінің негізгі принциптерін анықтайды, адам мен азаматтың конституциялық мәртебесін белгіледі, экономикалық құрылыстың негіздерін айқындады.

1995 жылғы Конституция елдің мемлекеттік және қоғамдық өміріндегі өзгерістерге, сондай-ақ 1993 жылғы Конституциямен шешілмеген проблемалардың болуына орай қабылданды. 1995 жылы қабылданған Конституция еліміздің стратегиялық мақсаттарын айқын анықтаған Ата заң болды.

ҚР Конституциясы – бұл мемлекет өмірінің негізгі бастауларын – мемлекеттің құрылысын, саяси және әлеуметтік-экономикалық жүйесінің негіздерін бекітетін, адамның қоғамдағы алатын орнын байқататын мемлекеттің негізгі заңы. Конституцияның қоғамдағы маңызы жоғары болып табылады. Конституцияда адам мен азаматтың табиғи және ажырамас құқықтары байқалады және бекітіледі. Олардың негізінде мемлекеттің құрылымы мен нысаны, билік тәртібі орнығады.

Республика Конституциясының мәні оның қоғам мен мемлекет өмірінде демократиялық бастамаларды бекітуінде көрінеді. Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес Республикада бәрі заң және сот алдында тең. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік

жағдайына, жынысына, нәсілік және т.б. жағдайларға қарамастан Конституция адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігіне кепілдік етеді. Олай болса, әрекет етудегі Қазақстан Республикасы Конституциясы өз мәні бойынша демократиялық, құқықтық мемлекеттің Конституциясы ретінде бағаланады.

Қазақстан Республикасы Конституциясында адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып танылды. Табиғатпен, адамзат қоғамымен және мемлекетпен жасалған барлық құндылықтардың ішінде нақ адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазынаны білдіреді.

Қазіргі кезеңдегі өркениетті елдердің мемлекеттік құқықтық тәжірибесінде Конституция нормаларының алатын орны ерекше болып табылады. Әлемдегі көптеген елдер өзін демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде орнықтыруға бағыт алуда. Сондықтан да, осы бағыттағы мемлекеттердің өмір сүруінің басты тірегі – Конституция болып табылады. Себебі,



Конституция қандай да болмасын елдің болашақтағы бағытын айқындайтын құқықтық идеялардан, мемлекеттік құрылысты, құқықты жүйені бекітетін негізгі нормалардан тұрады.

Конституцияның мазмұны біз мазмұндағаннан әлдеқайда кең және бай. Тарихи, заманалық маңызға ие болған Конституцияның барлық идеялары, нормалары экономикалық, әлеуметтік және саяси реформаларды жүзеге асыру үшін, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарын қорғау, демократияны дамыту, мемлекетті, тұрақтылықты, еліміздің қауіпсіздігін нығайту және дамыту үшін тиімді, сенімді түрде базалық саяси-құқықтық негіз болып қызмет

етулері тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық заң салаларының заңдық базасы болып табылады. Қазіргі кездегі Қазақстандағы құқық жүйесінің қалыптасуы елімізде құқықтық мемлекет құру бағытымен ұштастырылуда. Сондықтан еліміздің Ата заңының мәні мен оның алатын орны барған сайын жоғарылауда.

А.Ж. ЖАРБОЛОВА,

заң факультетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті

КОНСТИТУЦИЯ РК – ПРАВОВАЯ ОСНОВА РАЗВИТИЯ ОБЩЕСТВА

Одним из основных достижений демократического развития Казахстана было принятие в 1995 году 30 августа на всенародном референдуме Конституции страны.

Главным идейным вдохновителем принятия этой Конституции, как и предыдущей Конституции 1993 г., был Президент РК Н.А. Назарбаев, который отмечал, что: «конституция страны позволила пройти большой путь, связанный не только с глубокими экономическими, но и политическими преобразованиями. Об этом свидетельствует новое национальное законодательство суверенного Казахстана. Именно с его помощью за эти годы мы создали прочный фундамент для преобразования Казахстана в страну, в которой действуют реальные демократические институты, где гарантируются права и свободы граждан».

Конституция РК – основной, главный нормативный акт государства и общества, становящегося на путь демократического, цивилизованного развития. Конституция содержит в себе громадный политико-правовой заряд, который питает жизненным соком все стороны общественной жизни. Конституция устанавливает государственный и общественный строй, принципы их организации и функционирования с ориентацией на перспективу. В ней закрепляется конституционный статус человека и гражданина, всего народа как источника и социальной базы государства. Конституция является не только источником конституционного права, но и всех

отраслей национального права.

Конституция 1995 года содержит раздел II «Человек и гражданин». В разделе помещены 30 статей. Это – треть всех статей Конституции. Не безынтересно сопоставить с тем, что во «Всеобщей Декларации прав человека», которая служит мировым ориентиром признания и защиты прав человека, содержится 29 статей. Это – не формальное совпадение. Это обусловлено тем, что все права и свободы, закрепленные во Всеобщей Декларации прав и свобод, так же с теми или иными особенностями провозглашены в Конституции Республики Казахстан 1995 года. Система прав и свобод человека в Конституции РК 1995 года приведена в соответствие со Всеобщей Декларацией по видам, по содержанию, по механизму их защиты. Это означает, что Конституция закрепила права и свободы с полнотой, с которой они реализуются в других передовых, демократических странах, что права и свободы рассматриваются как свойственные человеку, как естественные, а не подаренные государством, что ими должны пользоваться все люди на основе принципа равенства, что они не могут быть отчуждены, а ограничения должны быть предусмотрены только законом.

Изменения и дополнения в Конституцию РК 1995 г. вносились дважды – 7 октября 1998 г. и 21 мая

2007 г.

Необходимость внесения изменений и дополнений в Конституцию при устойчивом сохранении ее основ, основных принципов и базовых идей была обусловлена многими причинами. Прежде всего, достигнутый высокий уровень экономического развития закономерно обусловил необходимость и возможность проведения глубоких политических реформ, политической модернизации по принципу «сначала экономика, а потом политика», обоснованному Н. Назарбаевым. Вместе с экономикой на ее основе произошло повышение благосостояния народа, создавшее благоприятные условия для активизации всей общественно-политической жизни; сделаны важные шаги в процессе развертывания демократических институтов гражданского общества. В годы, прошедшие после принятия Конституции, эффективно изучался международный опыт политических преобразований, который творчески применялся в процессе совершенствования государственного механизма и демократии.

16 мая 2007 г., выступая на совместном заседании палат Парламента РК, Президент подчеркнул: «Настала пора заложить законодательную основу, которая обеспечит успех начатым либеральным реформам и приведет к новому балансу общественных и государственных интересов, становлению новой системы сдержек и противовесов в государственном устройстве на новом этапе развития Казахстана».

Конституция Республики Казахстан – центральный, базовый компонент развивающегося конституционализма в Казахстане. Без реального претворения в жизнь положений Конституции, без неукоснительного их выполнения невозможно построение демократического, правового государства.


Главной стратегической целью современного конституционного процесса в Республике Казахстан является постепенное формирование демократического конституционализма, соответствующего международно-правовым стандартам в сфере прав человека и государственно-правовым реалиям развитых стран. В этой связи вопросы укоренения Конституции как Основного закона государства, формирования конституционализма в казахстанском переходном обществе выступают, прежде всего, в качестве фундаментальной задачи включения принципов, идей Конституции в общественное сознание, общественную психологию как наиболее значимых социальных ценностей.

Наша страна обладает одной из передовых Конституций мира – Конституцией широких прав и свобод человека и гражданина, развивающегося гражданского общества, демократического, суверенного государства.

Д.М. БАЙМАХАНОВА,

д.ю.н., профессор кафедры теории и истории государства и права, конституционного и административного права

КазНУ развивает телемедицину с южнокорейскими партнерами



Впервые между КазНУ им. аль-Фараби и клиникой «Кангнам Северанс» университета Ёнсе (Ю.Корея) состоялось онлайн апробирование системы телемедицины «U-Health» - важной составляющей диагностического центра, который начнет работать в новом учебном году в казахстанском вузе. Располагаться он будет на территории кампуса, в недавно открывшемся центре обслуживания студентов «Керемет».

Система телемедицины «U-Health» позволяет проводить диагностику и с помощью телекоммуникационного оборудования передавать данные пациентов специалистам клиники «Кангнам Северанс» для консультирования в онлайн режиме.

По словам Генерального директора клиники «Кангнам Северанс» профессора Ким Хенг Джун, открытие диагностического центра и внедрение системы «U-Health» являются первым шагом к осуществлению проекта создания

медико-биологического кластера в КазНУ им. аль-Фараби. На сегодняшний день два специалиста центра успешно прошли обучение по специальной программе в клинике «Кангнам Северанс».

Проект медико-биологического кластера включает в себя строительство современной клиники на 500 койко-мест и научно-исследовательской лаборатории, а также создание всей необходимой инфраструктуры.

Пресс-служба

В КазНУ при поддержке представительства ООН в Казахстане состоялся круглый стол, посвященный пятой годовщине Международного дня действий против ядерных испытаний.

ВОПРОСЫ ЯДЕРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ ОБСУДИЛИ НА КРУГЛОМ СТОЛЕ КАЗНУ

В работе круглого стола приняли участие международные научные эксперты, представители международных организаций, дипломатических консульств, преподаватели и студенты.

29 августа отмечается Международный день действий против ядерных испытаний. Эта дата утверждена резолюцией Генеральной ассамблеи ООН 2 декабря 2009 г. Проект резолюции был предложен Казахстаном. Именно 29 августа 1991 г. указом Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева был официально закрыт Семипалатинский испытательный полигон, что послужило началом процесса отказа страны от одного из крупнейших в мире арсеналов ядерного оружия.

«Проведение круглого стола в КазНУ им.аль-Фараби связано с особой миссией университета, на который возложена обязанность Глобального Хаба ООН по устойчивому развитию программы «Академическое влияние». Академическая среда позволяет активно вовлекать в обсуждение вопросов сохранения мира

и устойчивого развития молодежь, которая гордится, что именно Казахстан стал инициатором запрета ядерных испытаний, примером для многих стран мира. Отказ от ядерного оружия обеспечил Казахстану более эффективную безопасность», — отметил представитель Департамента общественной информации Секретариата ООН в РК Властимил Самек.

Предметом дискуссии и обсуждения участников круглого стола стали: вклад Казахстана в решение вопросов по обеспечению безопасности в ядерной сфере, актуальность создания Глобальной системы ядерной безопасности, усилия по противодействию угрозе ядерного терроризма.

По итогам мероприятия участники круглого стола выступили с обращением к мировой общественности с призывом приложить все усилия для предотвращения повторов ядерных катастроф.

Соб. корр

В канун Дня Конституции РК в КазНУ была проведена международная научно-практическая конференция на тему «Конституционное строительство Республики Польша и Республики Казахстан: опыт развития - проблемы совершенствования». Организаторами мероприятия выступили КазНУ, Конституционный Совет РК, Парламент Республики Польша, Посольство Казахстана в Польше.

КАЗАХСТАН И ПОЛЬША: ОПЫТ КОНСТИТУЦИОННОГО СТРОИТЕЛЬСТВА

В ее работе приняли участие Руководитель Комиссии по законодательству Сената Республики Польша Жентарски Пиотр, Председатель Первого международного Азиатского Конгресса г. Торунь Республики Польша Маршалек Адам, профессор факультета права и администрации Варминско-Мазурского университета Хмай Марек, академик НАН РК Султан Сартаев, заведующая кафедрой теории и истории государства и права, конституционного и административного права Гульнар Усеинова и другие представители юридического факультета.

Открыл конференцию ректор КазНУ академик Г. Мутанов. Обратившись к участникам конференции с приветственным словом, он подчеркнул, что «тема конференции является знаменательной в свете не только празднования Дня Конституции, но и тех преобразований, которые протекают сегодня в реализации Стратегии «Казахстан-2050» казахстанского общества».

В своем выступлении академик С. Сартаев отметил следующее: «Конституция РК, принятая на всенародном референдуме 30 августа 1995 года, отразила волю народа, закрепила важнейшие начала демократического государственного устройства, основные права и свободы человека и гражданина, исходные положения нового экономического плана, что придает ей не только высшую юридическую,

Европе, в которой до сих пор не принята принципиально новая конституция. В то время как Польская Республика одной из первых начала политические и экономические преобразования страны, которая позволила перейти к становлению демократического и правового государства». Современную конституцию Польши составила Конституция Польской Республики 1952 года с последующими изменениями и дополнениями и Конституционный закон от 19 октября 1952 г. «О взаимных соглашениях законодательной и исполнительной власти, и о территориальном самоуправлении» с изменениями 1997 года, принятыми на референдуме «Республика Польша — демократическое правовое государство, осуществляющее принципы социальной справедливости. Конституция нашей страны является главным законодательным актом и основой устройства польского государства», — добавил он.

Также из зарубежных гостей с докладами выступили Председатель Первого международного Азиатского Конгресса г. Торунь Республики Польша Маршалек Адам на тему «Правовые основы конституционного строя Республики Польша», профессор факультета права и администрации Варминско-Мазурского университета Хмай Марек — «Деление и административное устройство польских земель».

Так, Маршалек Адам в своем выступлении рассказал о



но и огромную духовно-нравственную силу». Он так же добавил, что основной закон стал не только незыблемой основой независимости государства, но и определил приоритетные векторы развития во внутренней и внешней политике, заложил основы национальных ценностных ориентиров — любовь к Родине, гражданский долг, толерантность и единство.

В выступлении Руководителя Комиссии по законодательству Сената Республики Польша Жентарски Пиотр была определена значимость и важность конференции. Особо им было подчеркнуто, что «особенность Конституции Республики Польша заключается в том, что государство является той страной в восточной

полупрезидентской (парламентско-президентской) форме правления в Польше, а профессор Хмай Марек о делении и административном устройстве земель.

Так же на конференции выступили члены Конституционного Совета РК, представители Посольства Казахстана в Польше, ведущие ученые и основатели конституционной-правовой науки Казахстана.

Участники конференции дали высокую оценку конституционному строительству Республики Казахстан, неуклонно растущему международному авторитету.

Д.Л. БАЙДЕЛЬДИНОВ,
декан юридического факультета,
д.ю.н., профессор

Абдул-Хамид Ф.МАРХАБАЕВ, журналистика профессоры:

ЖАЙСАҢ ЖУРНАЛИСТЕР КҮТЕМІН!

Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жыр патшалығына адал ақын Есенғали Раушанов; «Қайрат» командасының басшысы, футболшы Сайлаубек Есімбеков (марқұм); саяси ғылымдардың докторы, профессор, сенатор Қуаныш Сұлтанов; Алматы қалалық қажылар кеңесінің төрағасы, тележурналист Бақтыбай Айнабеков; Халықаралық Франс Кафка сыйлығының лауреаты, Тұманбайды жоқтатпай, белгілі мерейтойшыларға өлең арнауудың шебері Шөмішбай Сариев... Осынау тізімді соза беруге болар еді. Алайда, бұлармен шектелуге итермелеген бір гәп бар. Қазіргі қоғамымызға танымал тұлғаларға ортақ бір фактор: олар – алдарыңыздағы мақала авторының жетекшілігімен қорғаған Қазақ университеті журфагы дипломының иегерлері, жоғары білімді қаламгерлер. Оның үстіне, әр салада өз қарымдылығын көрсетіп жүрген атаулы азаматтарымыз осыншама биікке жетулеріне бірден-бір, ғарыштану тілімен бейнелеп айтсақ, зымыран-жеткізгіш бола білген сол көпвекторлы журналистика мамандығының кәсіби канондарын меңгере алғандықтары...

Бүгіндері «Мәліметті игерген адам дүниені билейді» дегенді жиі еститін болдық. Сол мәліметтің негізгі көзі журналистика, яғни, ресми түрде «байланыс және ақпарат құралдары» аталып жүрген феноменнің құзырында екенінде талас жоқ. Сондықтан да белгіленген даталық күнді, шынында да, мерекеміз деп қабылдағанымыз – оны мойындағанымызда, қадірлегенімізде деп білеміз.

Әдетте, қуаныш күндері тек қана табысымызбен мақтанатынымыз – заңдылық. Дегенмен, сол табысымыз бар кемшілігімізді жаба салуға ыңғайлы тоқырау жылдарындағыдай «жаппай жасасын» ұранға айналмай, келешекте жаңа жетістіктермен шынайы байи түсу үшін қазіргі «минустарымызды» да еске ала кету артықшылық қылмас. Төмендегідей олқылықтардың тууына сырттай «көрермен» емес, бел ортасында жүргендіктен, сол «бір қайнауы ішіндегі» проблемаларға мақала авторының да қатысы бар деп білерсіздер...

Планетаның, кейінгі кезде «алактиканың» «қойын-қолтығына» да сан-алуан мәлімет таратушы ұлы күш – «төртінші билік» дегенге менің әріптестерім несіне мәз болатынына түсінбеймін. Ал, ол, ағымыздан жарылсақ, «сиырдың отын оттап, бұзаудың орнына жатады». Шын мәнінде, оның рухани да ұйымдастырушылық көшбасшылығынсыз ешбір мемлекет, үкімет Жер бетінде мәңгілік үстемдік құрған емес. Бірі – ұзақтау, басқалары, тарихи өлшеммен қарағанда, қас-қағым уақытта келіп-кетіп жатыр. Ал, олардың елді жақсылы-жаманды басқаруына жолбасшылық жасаған – Аса Мәртебелі Мәлімет (Оны кейбіреулер «ақпарат» деп әнтек айтуда; өйткені, ақпараттың түбірі – ақпар, есеп беру, ал «мәлімет» – күллі тірлігімізден талдамалы да проблемалық хабар беретін ұғым). О баста үнгір қабырғаларына ойып, не қырпап салынған бейнелерден басталып, қазір газет, журнал, кітап беттерінде, эфир, теледидар шарайнасында таратып жатқан, солар арқылы жоғары-төменгі билік иелері де, ғылым-білімнің оқымыстыларының да өз ойларын жеткізу тiгi – мәлімет.

Оны қалайша «алтын, күміс, қола медальды» мәртебелерден орын табылмай, «төртінші билікке» ысырып тастауға дәтімиз барады? Сол «алтын», «күміс», «қолалардың» өздерін бірінші орынға шығарып, таққа жайғастырған да – сол екенін неге елей бермейміз?! Оның үстіне, сол Мәліметті «планета құлағына» жеткізуші – Журналистиканы – Тіршілік Ұраншысын өзіне тиесілі төрдегі орнына оздыра бермейміз?.. Сол тіршілік ұраншысын құрметтей де қадірлей білу, оларды ұсынақты жетілдіре білу әрекетінің үлгісін Құныс Елі көрсетіп беріп отыр. Осыдан ғасырға жуық уақыт бұрын екі классик, бірі – Сұлтанмахмұт Торайғыров: «Япондар 35-40 жылда ержетіп, Европа халіне кірді. 1895 жылында Қытайды шалқасынан түсірді. 1904 жылда «бөрікпен ұрып жығамыз» деген «Россияны

шалқасынан түсірді. Әрине, япондар осы халіне Европаның пісулі астай дайын өнерін (ерекшелеген – А.-Х.М.) алумен жылдам жетті»; екіншісі – Мұхтар Әуезов: «Бұл – Японияның ғылымға нағыз жұмылған уақыты... Европа не істесе де, соған көз жұмып ере берген жоқ. Әрқайсысының жиып апарған білімін зейінге салып, сынап, өздеріне қолайлы, жақсы дегендерін ғана алатын болды... (ерекшелеген – А.-Х.М.).

Журналист – бәрінен бұрын күнделікті практикалық тірліктің «шығармашылық редакторы». Рас, олардың ішінде өзбетінше ғылыммен шұғылданып, кандидат, доктор ғылыми атағын иеленгендері, Құдайға шүкір, бірсыпыра бар. Мұндай ғылыми атақ алу секілді жақсы ниет конвейерге айналып кетпесе...

Міне, осыдан барып творчестволық факультеттерге талапкерлерді тек қана шығармашылық бәсеке – конкурс арқылы қабылдау қисынды. Ал, болашақ журналистер бұрындары көлдей-көлдей, көптеген жарияланымдарын құжаттармен қоса ұсынғанда ғана қабылданатын. Бүгіндері біздің мерзімді баспасөзінің ажарын келтіріп, беделін өсіріп жүрген де сол журналистер.

Мен болашақ журналистердің емтихан сұрағына дұрыс жауап берумен қатар, сөз саптау мәнері, яғни, білетін пәнін қалайша көркемдеп жеткізу стиліне де басты назар аударамын.

Кейде шәкірттеріме әзіл-шыны аралас: «Сөйлей білңдер. Тіпті, емтихан үстінде өтірік жауап берсең де, мені шебер иландыра біл. Сонына да баға қоямын», – дейтінім бар. Бұл – болашақ қаламгерлердің қиялдау қабілетіне ғарыш кемесінің жеткізгіш зымыраны тәріздес ықпал етер-ау деп дәмеккенім.

Тек журналист-шәкірттердің мәселесін қозғап отырғандықтан айтармыз: ұстаз есебінде ертеңгі сөз зергері, ұшқыр қалам иелері – шәкірттерінен өзі берген сабақтар жауабын оқытушы өз құлағымен есіткісі келеді. Сонда студенттің жауап беруі ғана емес, сөйлеу мәнері мен жалпы эрудициясын бағалауы маңызды болуы тиіс.

«Жаһандану» деген бүгінде еріншектердің де аузынан түспейтін ұғымға айналды. Және жұртшылық бүгінгі күннің тудырған проблемасы деп біледі. Алайда, «олай емес» деуге ұлықсат етіңіз. Бұл – адамзат өзінің даму жолында бірте-бірте жоғары плейстоцен дәуірінен тіршілік еткен кроманьондар мен неандерталь кейпіне енгеннен бастап ақ келе жатқан билік жүргізу синдромы. Сол жаһандастыруды тарихтан белгілі Ескендір Зұлқарнайын – түзу қылыш, темір сауыт-сайманмен, Шыңғысхан – тас ататын зеңбірекпен, Шықпырубер – «Майн Кампф» және соғыс техникасының ең соңғы табыстарымен өз қоластына бағындыру деп қана қабылдаған-ды.

Қазір, бәрімізге аян, қара күш көрсету жаһандастырудың тиімді жолы болмай қалды. Оның «әдеби образын» ұлы ақын Қадір Мырза Әли: «Қастерлесен дала деген ұлы үйді, // Кеткен ұлға қалай ішін



Табият ТӨЛЕГЕНТЕГІНІҢ КОЛДАҒЫ

жылиды?// Бәрінің де бөлтірігі бүгінде// Батысының әуенімен ұпиды», – деп, жалпы жағдайды сипаттай келе: «Өңір едік жылқылы да түйелі, // Өлең еді тіліміздің тиегі...// Білім қазір сыйыспай жүр тіліммен, // Білім менің – көзге шыққан сүйелім», – деп, оқу жүйесінің қазіргі келбетін береді.

Кей «білгіштер» жаһандастырудың түп-тамыры, басты ындыны – экономика деп есептейді. Тіпті, тұрмыстық тыныс-тіршілігімізді сол монстр-әбжыланның «төбетіне» қарай ыңғайластырғанды жөн көреді. Бұл – сөлекет пікір. Жаһандастыру бәрінен бұрын тарихынды, мәдениетінді, ғылым-білімнен тұратын эрудициянды «жұтуды» қалайды. Біздің сорымыз – кейбір идеологтардың сондай идеяның қолтығына «су бүркуі».

Аспантану терминімен сөйлесек, жаһандану – ғарыш әлеміндегі Қара Құрдым (черная дыра) аталатын жұлдыз. Ол өзінің «гравитациялық қармағы» жеткен космостағы кез-келген денені жұтып алуға қабілетті. Ол, өз бойынан, ең құрымаса, бір фотон да жарық шығармайтын «әлемдік магнит». Басқа бір тақырыпқа бағыштағанымен, әлгі Қадырдың: «Жыртқыш сенің сұрап жатпас жөніңді, // Жұмыры оның жұмыс істер өнімді...// Өтпейтұғын тырнақ, // Тұмсық, // Тісің де, // Тасбақаның сауыты бар сенімді», – дегені де философ, саясаттанушы, т. б. осы төңірегінде қалам тербеткендердің нысанасының суретін берсе керек. Осыны сөз еткен авторлар көбіне-көп, табиғаттағы күш бермес цунами тәрізді, саясаттағы көзқарастан сақтандыра отырып, бір «қарның ашатын» тұсы – соған бейімделуге шақыратын тәрізді.

Біздіңше, ақырзаман секілді, түптің түбінде, келмей қоймайтын нәрсе болса,

оның «шашбауын көтерудің» орнына, сол жаһанданушылардың тең дәрежелі бір мүшесі есепті өзіннің қазына-құндылығынды үлгі тұттыра білуден басқа тиімді жолы жоқ. Ал, оның панацея-«емі» – ғылым, білім негіздері ұлт тарихы, ұлт үрдістері, ұлт мәдениеті, ұлт дәстүрінен – жалпы интеллектіден ғана табылады. Оған барар жолда, тіпті, 19 жасар К.Сәтбаевтың «Қазақ елінің ана тіліндегі мектептер үшін алгебра оқулығы», 20 жасар М.Жұмабаевтың «Педагогика. Баланы тәрбие қылу жолдары» секілді ақжолтай тұңғыштарды бетке ұстау да – ғанибет.

Оқу жүйесінен жаһандандырудың кейбір элементтерін байқағандықтан, мен осы мәселеге тоқтанқырадым.

Ертелі әр мәселені бір шалып отырғандағы ең негізгі көкейдегі тілек те мақсат – Қазақ университеті журфағын жерге қаратпайтын Жайсан Журналистер дайындау!.. Журналистика профессоры мәртебесіндегі қиялгер-жазушы келешекте сол тілек-мақсат-үмітінің ақталғанын армандайды!..

(Алматы Ақшамы. – 2014. – 26 маусым)
(Ықшамдалып алынды)

РЕДАКЦИЯДАН: журналистика факультетінің жетекші профессоры Абдул-Хамид Мархабаев өткен жазғы демалыс айында қалалық «Алматы Ақшамы» газетіне «Зиялының сөзі» айдарымен осы мақаланы жариялаған-ды. Онда ғалым-педагог көтерген оқу-әдістемелік және басқа да проблемаларға қатысты келелі ойлар айтқан. Солармен университет профессор-оқытушылар ұжымы мен студенттерді таныстыру үшін газетіміздің бетінен орын беріп отырмыз. Автор пікіріне ой қосамын деушілер болса, тіпті жақсы!

Суретті түсірген Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

«...лишь мнением народным» сильны государи..»



А.С. Пушкин работал над «Борисом Годуновым» в сложное не только для него, но и для всего русского общества время и завершил трагедию в Михайловском 7 ноября 1825 года в канун восстания декабристов на Сенатской площади в Петербурге. В рукописном варианте текст был озаглавлен как «Комедия о настоящей беде Московскому государству, о царе Борисе и Гришке Отрепьеве - летопись о многих мятежах и пр. - Писано бысть Алексашкою Пушкиным в лето 7333 в городише Вороници». Но в письме к другу П.А. Вяземскому Пушкин четко определил жанр: «Поздравляю тебя, моя радость, с романтической трагедией, в ней же первая персона - Борис Годунов! Трагедия моя кончена; я перечел ее вслух, один, и бил в ладоши и кричал, ай-да Пушкин, ай-да сукин сын!».

говорит, что царь меня простит за трагедию - навряд, мой милый. Хотя она и в хорошем духе писана, да никак не мог упрятать всех моих ушей под колпак юродивого. Торчат!». «Торчало», прежде всего, его неприятие самодержавия и сочувствие к умному, но находящемуся в крайне угнетенном состоянии простому народу, выступали на первый план и его прямые параллели и аналогии с современностью: Борис Годунов, севший на трон после гибели юного царевича Дмитрия, - Александр I, участник дворцового заговора против своего отца Павла I; «род Пушкиных мятежный», «противный» Борису Годунову, наполнял иным смыслом взаимоотношения самого поэта и драматурга с российскими правителями времен Пушкина Александром I и Николаем I...

Новые попытки донести свою трагедию до широкой публики Пушкин предпринял после известных событий осени 1826 года, когда он был вызван к новому царю, обласкан и «прощен» им. После этой встречи Пушкин послал шефу


жандармов А.Х. Бенкендорфу, которому Николай I поручил надзор за поэтом, рукопись трагедии и одновременно дал напечатать отрывок из нее в журнале «Московский вестник». Но царь, ставший личным цензором поэта, наложил краткую резолюцию: «Я считаю, что цель г. Пушкина была бы выполнена, если б с нужным очищением переделал Комедию свою в историческую повесть или роман, на подобие Вальтер Скота». На что Пушкин 3 января 1827 года ответил почтительно и с полным достоинством: «Согласен, что она более сбивается на исторический роман, нежели на трагедию, как государь император изволил заметить. Жалею, что я не в силах уже переделать мною однажды написанное».

Пушкинovedы считают, что царь не читал трагедию, Бенкендорф представил ему лишь неблагоприятный отзыв о трагедии, составленный Фаддеем Булгариным, который на материале пушкинской трагедии быстро «сочинил» исторический роман «Дмитрий Самозванец», поэтому Бенкендорф и

его ведомство делали все возможное и невозможное, чтобы «попридержать» «Бориса Годунова» до выхода в свет булгаринского романа, чтобы оградить своего «тайного агента» Фиглярину, презрительно называл его Пушкин, от обвинений в плагиате.

Пятилетняя борьба Пушкина за «Бориса Годунова» окончилась в начале мая 1830 года: «победа! Царь позволяет мне напечатать Годунова в первобытной красоте...». Но Пушкин в письмах к друзьям с горечью отмечал, что она опоздала и поэтому не понята ни благодарными читателями, ни критиками, которые не хотят видеть ее политический смысл, что главным героем является русский народ, а крушение самодержцев происходит в результате потери доверия народа, потому что «...лишь мнением народным» сильны государи...

Э.Т. КАКИЛЬБАЕВА, доцент кафедры русской филологии, русской и мировой литературы



БОРИС ШЫҚҚАН БИІК

Әлемде не жарық? Күн жарық. Адамда не жарық? Даналық. Бұларсыз дүние қараң. Бұл екеуінің жарығы мен жылуы, шапағаты мен шарапаты дүние жүзіндегі барша адамзатқа аян, ортақ, өлшеусіз ұзақ. Күннің көзін бүлтпен, данышпанның көзін - зар заман қиыншылығымен бүркеуге болады. Бірақ, мүлдем сөндіру, өшіру мүмкін емес...

Орыс халқының ұлы ақыны Александр Сергеевич Пушкиннің өмірі де соған дәлел. Оның өлеңдері мен әлемде тең келмес шығармалары, міне, екі ғасырға жуық поэзия сахнасының төрінен орын алуда.

Пушкин өзінің шығармаларында сол кездегі адамдар мен оқиғалар туралы әңгімелеп қоймай, өткен өмір туралы да қалам тербеген. «Руслан мен Людмила», «Борис Годунов» сияқты шығармаларында алыста өткен өмір, орыс князьдері мен батырлары туралы жазады. Пушкиннің лирикалық поэзиясының тақырыбы шексіз бай, идеялық манызы мейлінше терең. Оның саяси-әлеуметтік лирикасында отаншылдық идеясы аса қуатты, әсерлі бейнеленген. Тұңғыш поэмасы «Руслан мен Людмилада» және «Кавказ тұтқыны», «Сығандар» дастандарында акын өз заманының ең күрделі қоғамдық мәселелерін қозғады. Шығарма трагедиясында тарихи дамудың бағытын белгілейтін ең үлкен күш - халық, халықтың мүддесі, ниет тілегі деген ойды меңзейді.

«Борис Годунов» драмасындағы тарихи дамудың бетін, үлкен-үлкен кезеңдерін белгілейтін ең басты күш - халық, халықтың мүддесі, ниет-тілегі деген тұжырым жазушының өз заманына жалғастырыла айтылған шындық. Трагедия Борис Годунов патша болған кездегі орыс халқының тарихы туралы жазылған.

Борис Годунов: «Мен жоғары билікке жетемін» - дейді. Көптеген адамдарға жетістікке жетуге, айналасындағыларға қарағанда бір нәрсені жақсы істеу, лидерлік позицияны алу тән. Годунов бейнесі - қатпары көп, қайшылығы мол тұлға. Оның трагедиясы мансапты, тәж бен тақты халық мүддесінен жоғары қоюынан туындаған. Байлық та, билік те тұрақсыз. Бүгін біреудің қолында, ертең басқаның қолында. Сондықтан, баянсыз іске

берілу адамды адастырады... Билікке әркім өзі жүре алатын жолымен жетеді. Борис билікке үлкен дайындықпен келді. Билік баспалдағын біртіндеп басып, асықпай келді. Менің түсінгенім бойынша, бұл Бористің ақылы.

Шуйский
Чем кончится? Узнать не мудрено:
Народ еще повоюет да поплачет,
Борис еще поморщится немного,
Что пьяница пред чаркою вина,
И наконец по милости своей
Принять венец смиренно согласится;
А там - а там он будет нами править
По-прежнему.

Народ
(на коленях. Вой и плач)
Ах, смилуйся, отец наш! властвуй нами!
Будь наш отец, наш царь!

Билікке келіп, халқы үшін біраз шаруалар атқарды. Бірақ көп өмірін сарп етіп, көп күшін жұмсап алған тағына қанша уақыт отыра алды? Бүгін біреуді мактасақ, ертең жамандауымыз мүмкін.

Народ
(несется толпою)
Вязать! Топить! Да здравствует Димитрий!
Да гибнет род Бориса Годунова!
Билікке қалай келсе, биліктен Борис солай кетті.

Бұл шығармамен Пушкин нені айтқысы келеді? Жеке адамдар жиналып, ел құралады. Мүмкін, біреудің дүрмегіне ілеспей, әр адамды, жеке тұлға ретінде болып жатқан оқиғаны дұрыс пайымдауға шақырған шығар. Бәлкім, қандай болса да тарихты ұмытпауға шақырған болар. А. С. Пушкин шығармаларының бір қыры - тарихи таным, «Борис Годунов», «Полтава», «Медный всадник» және тағы басқа да туындысы арқылы ол әрі акын, әрі тарихшы ретінде танылды.

Баян БЕКБОЛАТ
механика-математика факультеті,
информатика кафедрасының 3-курс студенті

Адам өміріндегі студенттік жастық шақ – білім-ғылым қуған кезеңмен қатар, биік парасат құндылықтарға және керемет сезімдерге толы. Жалынды жастықтың осы қасиеттері университеттік «Ең үздік студенттік топ» байқауының жеңімпаздарында жақсы ұштасқан. Оның нәтижесін байқауда топ жарған география және табиғатты пайдалану факультетінің «геодезия және картография» мамандығының ГК-114-115 тобының студенттері екенін мақтанышпен айтуға болады.

Бұл топ байқауда өздерін әлем әдебиетінің жауһары Александр Дюманын «Үш нояндар» романының: «Бірі – бәрі үшін, бәрі – бірі үшін!» ұранын шынайы көрсете білді. Нәтижесінде, топ мүшелері «Бөлінгенді бөрі жейді», ал «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп университетте ең үздік топ екенін көрсете білді. Әрине, бәрі оқу мен ізденістің, парасат пен ізеттіліктің, тәртіп пен инабаттылықтың және ең бастысы ұйымшылдық пен ауызбіршіліктің жемісі. Халқымыздың: «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді; төртеу түгел болса, төбедегі келеді», – деген асыл сөзі де өзінің мәнін осы күнге дейін жоғалтқан емес.

Байқауда топ жарған осы топқа жаз мезгілінде «Сұңқар» студенттер кәсіподағы Елорда – Астана қаласына жолдама бөліп, бас қаланың тамаша сәулет өнерімен танысуға мүмкіндік берді. Студенттер қаланың сан алуан кереметтерін тамашалап, өздерінің осы болашақ қаланың тұрғындары екенін сезініп қайтты.

Ұйымшылдығы мен берекесі ұштасқан топ қана өзін биіктерден көрсетіп, дәлелдей алады. Сол сияқты «геодезия және картография» мамандығының ГК-114-115 тобының университеттегі бұл жеңісі мен жемісі әлі талай топтың алдында үлгі болары сөзсіз!

Ғалымжан АЛИАСҚАРОВ,
картография және геоинформатика кафедрасының доценті, г.ғ.к.,
ГК-114-115 тобының куратор-әдвайзері



Суретте. «Ең үздік студенттік топ - 2014» байқауының жеңімпаздары



– Сәбина, жарыс кезіндегі сенің сұлулығың қытай халқын шалқасынан түсірді. Шег елдік «Daily Mail» басылымы жарыстың алғашқы күндерінде-ақ, «Азия-біріншілігіндегі ең сұлу волейболшы» деп атады. Одан қала берді әлемдік интернет беттерінде сенің сұлулығың жарияланған күннен-ақ, күллі әлем сені барынша тани түсті. Жарыс күндеріндегі сұлулықтың жұлдызы атанған сәтіммен бөліссең?

– Ол кезде ерекше сезімде болдым. Тіпті, түсім бе деп ойладым. Өз басым танымалдылыққа құштарлығым болған емес. Танымал болғаным емес, менің сұлулығым арқылы Қазақстанның аты шыққанына шын жүректен қуанғанымды жасырмаймын. Қытай халқы аниме-мультфильмдерді жақсы көретіндіктен мені сол мультфильмнің кейіпкеріне ұқсатып, сұлулығымды жоғары бағалады. Бірақ, менің қазақ елінің қызы екендігімді оларға баса айтқан болатынымын. Және қазақ болып туылғанымды мақтаныш санаймын.

– Спорттың осы түріне қалай келдіңіз? Бұл жалалық арман ба әлде жүре пайда болған қызығушылық па?

– Мен 14 жасқа дейін бимен айналысқан болатынымын. Бидің өзі де спортқа жақын мамандықтың бірі, әсіресе қыздарға тән сипаттары басым. Ал, 14 жастан кейін тандауым волейболға ауды. Мектепте би үйірмесінде, кейіннен Алматы спорт мектебінде, енді, міне, өз тандауымның биік шыңына өрлеп келемін. 16 жасымда осы волейбол спортынан спорт шеберінің кандидаттығына жолдама алдым. Қазір, Қазақстан Республикасының «А» әйелдер жоғары лигасының мүшесімін.

– Жарыстағы саған берілген сұлулық бағасына команда қыздары қалай қарады?

– Әрине, әйелдер командасында бұл өте күрделі мәселе. Және жұмыс жасаудың өзі күш жігерді, психологиялық төзімді талап етеді. Бірақ, өз басым арамызда мені көре алмай, арандап әңгіме айтып жүрген ешкімді

байқамадым. Қазір барлығы жақсы, командада ондай көзқарастағы адамдар кездескен емес (күлді)

– Модельдік агенттіктерден түсіп жатқан ұсыныстарға көзқарасыңыз...

– Маған ұсыныстар көп түсіп жатыр. Әсіресе, модельдік агенттіктерден түскен ұсыныстар жағы өте көп. Мен өз басым бұл істі ұнатпаймын. Өйткені, мен қазақтың қызымын! Қазақ қызына тән іс жасағым келеді. Қазағымның атын сән әлемінде емес, спорт бәсекесінде волейболмен көтеруді басты мақсат санаймын. Модельдік агенттіктердің ұсыныс талаптары, көпшілік білетіндей, өз басым қысқа киім киіп, сән әліменде атағымды аспандатқым келмейді. Бұл, әрине, қазақ қызына сын болатын мәселе деп білемін. Мен бұл ұсыныстарды қаламаймын. Менің барлық мінез-құлқым тек қана спортқа бағытталған.

– Алдағы уақытта өзге мемлекет волейболдан әйелдер арасындағы өз құрамасына шақырып, қомақты қаржы ұсынса келісесіз бе?

– Тек қана Қазақстан атынан шығамын деп жауап берер едім. Мен осында өстім, бойжеттім, осында өмір сүріп келемін және Отанымның арқасында биікке қарай өрлеп келемін. Неліктен басқа елдің құрамасына өтуім керек. Мықты Қытайдың, Филиппиннің, Тайландтың құрама командасы шақырту жасаса да, мен тек қана Отаным – Қазақстанды тандаймын! Қаншама қаржы ұсынса да бас тартамын. Әр адам өз Отаны үшін аянбай еңбек ету керек. Өз басым Қазақстанның патриоты болғым келеді. Оны алда сұлулығым емес, спорттағы жетістігіммен көрсетемін деген мақсатым бар.

– Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде сенің атыңнан ашылған парақшалар көбейіп кетті. Басқа әлеуметтік желілерді былай қойғанда, жастар жағы көп отыратын «В контакте» желісінде шамамен 6-7 жалған парақша бар. Ондағы тіркелген жастардың тізімі де көз сүрінерлік. Осы мәселе сені қаншалықты ойландырады? Өзің қаншалықты әлеуметтік желілерде боласың?

Сәбина АЛТЫНБЕКОВА: «Мен өз елімнің патриотымын!»

Қытайдың Тайпей аралында өткен волейболдан Азия біріншілігі сынына қатысуға жолдама алып, ел намысын қорғау сынында Сәбина Алтынбекова – Қытай мен Тайпей, Азия құрлығының миллиондаған табынушысын өзінің сұлулығымен тәнті еткен болатын. Арада күн өтпей жатып, Сәбинаның сұлулығын әлем таныды. Әлемді сұлулығымен баураған ол мектеп бітіріп, студент атанды. Өз таңдауын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен ұштастырды. «ҚазҰУ студенті» атанған Сәбинамен сұхбаттасудың реті де ҚазҰУ-да түсті.

– Маған бұл парақшалар ұнамайды. Өз басым өте сирек отырамын. Уақытымның барлығы жаттығумен өтеді. Тіпті, телефонмен жақындарыммен сөйлесудің өзіне уақыт таппаймын. Менің атымнан жалған парақша ашып, менің өміріме араласып, өзгелермен пікірталастырып, үн қатып жүрген қыздарға таң қаламын. Әлеуметтік желідегі өмір ақиқаты жоқ, жалғаны көп жер. Ол жерде бәрі болуы мүмкін. Сол себепті, әлеуметтік желідегі өмірден алыстау болу қажет. Ашығы сол, әлеуметтік желіде көп уақыт жұмсап отыруды ұнатпаймын.

– Көпшілікті өзінің сұғпақ бойымен және симбатымен тәнті еткен волейболшы Сәбина қыз студент атанды. Көпшілік осылай ғана біледі. Ал, сенің ҚазҰУ студенті атанғандығың әлі көпшілік біле бермейді. Не себепті басқа емес, дәл осы оқу орнын тандадың?

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін тандау менің кәсіби мамандығымның тікелей көпбасшылық тұғырына жеткізетін бір үлкен биігі деп түсінемін. Қазақстандағы білім-ғылымның биік ұстаханасы, сексен жылдық тарихы бар оқу ордасы. Ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсырып жоғары ұпай жинаған күннен-ақ, осы оқу орнына құжаттарымды тапсырдым. Мен 10 сынып оқып жүрген кезден-ақ осы оқу орнын жақсы танитынмын. Достарыммен бірге бірнеше рет ҚазҰУ қалашығын аралаған кезіміз де болған. Әрине, бұл – қасиетті білім ордасы және бірегей, теңдессіз қалашық. Маған бұл университет өте қатты ұнайды және білім сапасы да жоғары деп ойлаймын. Алыстан асқақтаған Алатаумен дидактасқан білім көмесінде оқу – Қазақстандағы көп жастың арманы. Міне, мендегі арман да сол сияқты.

– Қазір ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің «дене шынықтыру» мамандығына оқуға түстің. Ал, балалық шақта қай салада оқуды армандаған едің?

– ҚазҰУ-ға оқуға түсу мектеп кезінен арман болған. Бірақ, негізінен мен халықаралық қатынастар факультетіне оқуға түсуді

қалайтынмын. Ол үшін ағылшын тіліне көп уақыт арнау керек болатын. Ал, менің мектептегі тілдік біліміме қоса тағы қосымша уақыт тілге арнауы тиіс болатын. Бірақ, мақсатым спорт жолында болғандықтан, уақытымның көбі соған арналды. Спортты кәсіби меңгеру үшін де кәсіби білім керек. Спортта кәсіби деңгейге жету үшін мен осы саладағы мықты жоғары оқу орны ҚазҰУ-дың биология және биотехнология факультетінің «дене шынықтыру» мамандығын тандадым. Бұл тандауым жайлы қытай басылымдарының біріне арнайы сұхбат берген болатынымын. Алдағы уақытта ҚазҰУ-мен бірге кәсіби деңгейде көтеріліп, сұлулықтан емес, спорттан атымның шығуына сеп болатынына сенімім зор.

– Алға қойған жоспарларыңмен бөліссең...

– Қазақстанның атын әлемге өзінің кәсіби дайындығымен көрсете білген Илья Ильин, Майя Манеза, Светлана Подобедова сынды спортшыларды өте жақсы көремін. Мен – өз елімнің патриотымын. Сондықтан осындай нәтижемен көрінуді, еліме абырой әкелуді ұнатамын. Мендегі мақсат өте үлкен. Оны алдын-ала айту қажет емес болар. Тек іспен көрсетіп жеткізу қажет. Алдағы уақытта Қазақстан атын шығару жоспарымның ең маңызды бөлігі екенін баса айтқым келеді.

– Жана оқу жылындағы университетке айтар тілсіз...

– Мен ҚазҰУ-ға мемлекеттік грант бойынша оқуға түскеніме қуаныштымын. Бұл мен үшін үлкен қуаныш. Маған бұл университет өте қатты ұнайды. Қала ішіндегі қалашық бейне бір ғажал мекен бе дерсіз! Бәріне ҚазҰУ ұжымын, ұстаздарды, студенттер мен достарымды жана оқу жылымен құттықтаймын!

Сұхбаттасқан Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

Суретті түсірген автор

Жастардың еңбегі жанды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да студенттердің еңбек маусымы қорытындыланды. Демалыс уақытында жүзден астам жігіттер мен қыздар студенттік құрылыс жасағы құрамына қабылданып, жаз мезгілін өздері және туған университеті үшін пайдалы әрі қызықты өткізді.

Студенттердің еңбек семестрі 1 маусымда басталып, студенттік құрылыс жасағының жауынгерлері университетке оқу ғимараттары мен жатақханаларын жөндеу, кампус аумағын көріктендіру және т.б. жұмыстарды атқаруға көмектесті. Университет басшылығы жауынгерлердің еңбек етуі әрі демалуы үшін қолайлы жағдай жасады. Олар арнайы форма, үш мезгіл тамақ және жатақханамен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ студенттердің әрқайсысы айына 40 мың теңге жалақы алып отырды.

«Жаз бойы біз тек жұмыс істеп қана қоймай, бос уақытымызды қызықты өткіздік. Волейбол және футбол матчтарын ұйымдастырдық, жастар алауы маңында ән салдық, театрға бардық, кездесулер,

дискотекалар және басқа да көңіл жадырататын мәдени іс-шаралар өткіздік. Сонымен қатар рамазан айында ауыз бекіткен жауынгерлер үшін студенттік қалашық әкімшілігі ауызашарлар берді», — деп атап өтті механика-математика факультеті жасағының командирі Ерсұлтан Серікбаев.

СҚЖ жұмысының нәтижесі бойынша еңбек маусымындағы үздік жұмысы үшін ең белсенді жасақтар мен студенттер университет басшылығы тарапынан дипломдар және құрмет грамоталарымен марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды. «Үздік жасақ» номинациясы бойынша 1, 2 және 3-орынды механика-математика, физика-техникалық, философия және саясаттану факультеттері



алды. Механика-математика факультеті жасағының командирі Ерсұлтан Серікбаев «Үздік командир» деп танылып, физика-техникалық факультетінің студенті Мадияр Нұрғалиев пен философия және саясаттану факультетінің студенті Сәкен Ыдырысов «Үздік жауынгерлер» атанды.

«Жазғы жұмыс уақытында жинаған тәжірибелеріміз бізге өмірде керек болады деп ойлаймын. Біз мұнда кәсіби машықтандық, дербестілікке және

тәртіптілікке үйрендік, жаңа достар таптық. Бұл біздің студенттік өміріміздегі ең бір ұмытылмас сәттердің бірі», — дейді философия және саясаттану факультетінің СҚЖ командирі Асқар Мырзағұлов.

Еңбек маусымының аяқталуына орай «Сұңқар» ҚазҰУ студенттерінің кәсіподағы арнайы ұйымдастырған «ССО-party» салтанатты шарасы жастарды үлкен қуанышқа бөледі.

Өз тілшімізден

ЫСТЫҚКӨЛДЕГІ ЖАЗҒЫ МАҰСЫМ

8-10 шілде аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ыстықкөлдегі спорт сауықтыру кешенінде куратор-эдвайзерлер мектебінің «Кураторлық сағатты ұйымдастыру технологиясы» атты семинар-тренингі өтті.



Семинарды психолог Ұлмекен Төлешова жүргізді. Студенттермен жұмыс жасау барысында қолданылатын түрлі психологиялық ойын түрлеріне тоқталып, нәтижеге қол жеткізу әдістерімен бөлісті.

ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойына орай Ыстықкөлдегі университеттің спорттық сауықтыру кешенінде «Нептун күні» мерекесі ұйымдастырылды. Шара шомылу маусымының ресми ашылуымен басталып, «Ертегілер әлеміне саяхат» атты сахналық көріністер қойылды. Сондай-ақ университеттің «КВН» командасы, «Бақыт» би тобы сынды көркемөнерпаздар үйірмесі концерттік бағдарламасын ұсынып, оқытушылар, студенттер және қызметкерлер арасында құрылған топтар қазақтың ұлттық

ойындарынан сайысқа түсті. Мерекелік шараға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтанов және проректорлар қатысты. Университет ректоры Ғ. Мұтанов Ыстықкөлдегі жазғы маусымның ашылуымен құттықтап, спорт сауықтыру кешенінің директоры Ю. Гниденданы университеттің 80 жылдық төсбелгісімен, Н. Последованы алғыс хатпен марапаттады.

ҚазҰУ-дың «Парасат» кәсіподағы, Студенттер клубы, «Сұңқар» студенттер ұйымы бірігіп ұйымдастырған демалысқа жалпы университет ұжымынан 150-дей адам жиылды. Оның жартысын үздік оқитын және белсенді студенттер құрайды.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

АЛҒАШҚЫ ДӘРІС ӘСЕРЛЕРІ

Аида АХМЕТ,
физика-техникалық факультетінің 1-курс студенті

— Мен ҚазҰУ-ға түскеніме ерекше қуаныштымын. Балалық асқақ арман да осы оқу орнына жетелегені рас. Міне, Білім күні аудиториядағы алғашқы дәріс те басталып кетті. Бірінші дәріс тобымызбен, ардақты ұстаздарымызбен танысудан басталып, кіріспе сабаққа арналды. Осы оқу орнында «стандарттау, сертификақтау және метрология» мамандығы бойынша білім алатын боламын. Ендігі мақсат — ұлттық университеттің ең білімді студенті, білікті маман атану.



Руслан НҮРМҰХАМБЕТОВ,
химия және химиялық технология факультетінің 1-курс студенті

— ҚазҰУ-де оқу — әрбір талапкердің арманы. Ал, бүгін армандардың орындалған шағы. Өзім ұнатқан оқу ордасының студенті атанып, алғашқы дәрісті де тындап үлгердік. Химия ғасырында өмір сүріп жатқандықтан, осы саланың нағыз маманы атану осындай білікті білім ұясымен ғана жүзеге асатынын жасыра алмаймыз. Тілектес, пікірлес, жүректес достар тауылып жатыр. Оның өзі бақыт, шаттық, қуаныш. Дәрісханадағы ұстаздарымыздың алғашқы дәрістерінің өзінен-ақ, білім, ғылым әлеміне айқара жол ашып, сол сыры мол жұмбақ әлемнің қазынасын іздеуге аттанғандаймыз. Рас, дәл солай. Сол сезім, осы бір сәт жүректен мәңгілік өшпесі анық.

Дайындаған Гаухар ОМАРОВА

ИНСТИТУТ КОНФУЦИЯ ПРИ КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ

приглашает всех желающих на курсы
КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА!
Занятия проводят профессора
Ланьчжоуского университета

Международный тест HSK на базе Института

ул. Карасай батыра, 95, КазНУ, 1 этаж,
каб. №138, Т.: 243-84-64

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор — Саяғұл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы — Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілшілер: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА
Дизайнер — Досқан БАЛАБЕКҰЛЫ
Корректорлар: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Айгерім ИМАНГАЛИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат, №104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
т.келей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттелді. «Гамма-принт» баспаханасында
(Рахымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана.

Тапсырыс № 1084

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.